

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерту және толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2824 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының шығарылуына байланысты қаулы етемін:

I. Мына Қазақстан Республикасының Зандарына және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерту мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" 1991 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 51, 624-құжат) мынадай мазмұндағы 2-1 баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Заңның арнайы экономикалық аймақ аумағында қолданылу ерекшеліктері

Осы Заң арнайы экономикалық аймақта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады".

2. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 516-құжат) мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заң арнайы экономикалық аймақта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады".

3. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар N 2198 Жарлығының 4-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат) мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ аумағында құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есепке алу тіркеуін тікелей арнайы экономикалық аймақ аумағында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің үекілді органы жүргізеді".

4. "Салық және бюджетке басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235

Жарлығының 2-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Арнайы экономикалық аймақтар бойынша жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар арнайы экономикалық аймақтар туралы заңда белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорының (бюджетінің) кірісіне түседі".

5. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар N 2368 Жарлығының 3-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13):

мынадай мазмұндағы жаңа үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ аумағында еркін кеден аймағы режимі қолданылады. Осындай арнайы экономикалық аймақ құру тәртібі арнайы экономикалық аймақтар туралы заңмен белгіленеді";

үшінші бөлік тәртінші бөлік болып саналсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті